

Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын 2003-2004 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде электрмен жабдықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 қарашадағы N 1123 қаулысы

Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын 2003-2004 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты электрмен жабдықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын 2002-2003 жылдардың күзгі-қысқы кезеңінде электрмен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1298 қаулысы 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

2. Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясына (бұдан - әрі - ЖМАЭС) 2003-2004 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңінде электр энергиясын өндіруді бәсекеге қабілетті баға бойынша қамтамасыз ету үшін "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ҚазТрансГаз" ЖАҚ) отын жеткізу жөніндегі оператор болып тағайындалсын.

3. "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы ЖМАЭС-тың күзгі-қысқы кезеңдегі іске қосылуы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін 2003 жылғы республикалық бюджеттен бөлінген 96062076 (тоқсан алты миллион алпыс екі мың жетпіс алты) теңге сомасындағы қаражаттың қалдығын "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-тың есеп айырысу шотына аударсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.Мыңбавқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі